Педагог ассистенттер - ЕББҚ оқушыларды, білім алу мен тәрбиелеуде балаларға бағыт – бағдар беру, олардың оқу процесіне бейімделуіне (бағдарламаны игеруге), дағдыларын дамыту, динамикасын бақылауға, сонымен қатар оқушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау үшін, қажетті

жағдайлардың сақталуын қадағалайды. Сабақта отыру тәртібі, мектеп ішінде балалардың ортасында өзін ұстау ережелерін балаға күнделікті айтып, визуалды түрде көрсетіп отыру арқылы оның бойына сіңіріп, сүйемелдейді. Осылайша бала мектептегі тәртіпті ұстануға дағдыланады.

8 – наурыз халықаралық әйелдер күніне орай «Ана – гүлім, Ана – өмір шуағым» атты мерекелік концерттік бағдарлама мамандардың ұйымдастырылуымен өткізілді. Ерекше білімге қажеттіліктері бар оқушыларымыз өз өнерлерін көрсетті.

<https://www.instagram.com/reel/CpcXUHbP7Ym/?igshid=MDJmNzVkMjY>

Мамандарымыз өздерінің білімдерін көтеру мақсатында республикалық, облыстық, аудандық, мектепшілік семинарларға, курстарға белсене қатысады.

1. <https://www.facebook.com/100025270239258/posts/pfbid0SP4zVPKk5dA7wDoJE1Z98xMfngKipP9jWo3h1GDk6z7m19r6iuN1DuCU4SxNZd9RI/?app=fb>
2. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0REEUDMRfvAc6bV4Km5fj4pBzyi9SSggDFXkbUPdqEBvtUikm1ohkeq7BB7RE5nscl&id=100025270239258&mibextid=Nif5oz
3. <https://www.instagram.com/p/CrIHwduNwX-/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>
4. https://www.instagram.com/p/CrIH05_tU11/?igshid=YmMyMTA2M2Y=
5. <https://www.instagram.com/reel/CqkH9LU8cL/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін физикалық белсенділік өте маңызды. Бейімдік спорт түрлерімен жүйелі түрде айналысу арқылы балалар өздерінің жасырын мүмкіндіктерін ашады, физикалық және коммуникативтік дағдыларын жақсартады. Емдік дене шынықтыру бала үшін ең маңызды сабақтың бірі. Сондай-ақ спорттық жарыстарға қатыстыруға мектебімізде мүмкіндік жасалған. «Толағай» отбасылық спорттық сайыс өткізілді.

<https://www.instagram.com/reel/CkAVbv3uaqo/?igshid=YmMyMTA2M2Y>

Инклюзивті білім алып жүрген оқушылардың жақсы нәтиже көрсетуі үшін оларды әр кезде қолдап отыру керек. Атап айтсақ, ән салатын, би билейтін оқушыларымыз облыстық «Жұлдызай» фестиваліне қатысып, жақсы нәтижелерге ие болды.

<https://www.instagram.com/p/Crabs-TtIt5/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Мектебімізде ерекше білім алатын балаларға «Бочча» үйірмесі ұйымдастырылған. «Бочча» үйірмесінің бас серіктесі: «Samruk – Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры. Жобаның іске асырушысы: «Тең мүмкіндіктер» қоғамдық қорынан мектебімізге бейімдік спорттық үйірмелерін ұйымдастыруды жүзеге асыруда. Оқушыларымыз үйірме жұмысына белсене қатысып, Республика көлемінде нәтижелі жетістіктер көрсетуде.

<https://www.instagram.com/p/CW3BlqqNWQL/?igshid=MDJmNzVkMjY=>

Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен былтырғы оқу жылының қорытындысы бойынша мектебіміз «Мерейлі мектеп» жобасы аясында алғыс хатқа ие болып және «Мен жастарға сенемін» атты жетістіктер форумына жыл бойына жақсы нәтижелер көрсеткен ерекше білімді қажет ететін оқушылар қатысып, марапатталды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid09mHsYYhxjcpCtKn72K7qeVmis5JJkuhsuRX5BtVvy1pZGQ171n1mNR7vBP2huk9nl&id=100043885501837&mibextid=Nif5oz


https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0JHTxzgKkFRiE2stu65yMrcXpTyekz8mbdrAFGj1jv8iWrcvAD13c3hzcfwr754Lyl&id=100032857548846&mibextid=Nif5oz

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс – әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті бағыт арқылы ерекше білімді қажет ететін балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ. Әр оқушыға арналған жеке даму бағдарламасы олардың өзіндік дарындылығын ашып, өмірдегі өз орнын, өз мамандығын табуға көп көмек болар еді.



15.09.2022-20.09.2022ж аралығында С.Сейфуллин атындағы ЖББ мектебінің ППС мамандары Республика күніне орай «Отбасым -менің шағын Отаным» тақырыбында отбаслық фотосуреттер байқауы жарияланды.

Мақсаты: Оқушы-мектеп-ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейту, ата-аналарды белсендіру, оқушылардың Отанға деген, отбасына деген сүйіспеншілігін арттыру.



20.10.2022ж мектебімізде «Толағай» отбасылық спорттық ойындар сайысы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын насихаттау, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Мектеп пен ата-ана оқушы арасындағы қарым-қатынасты нығайту, ұйымшылдық пен ұжымшылдыққа тәрбиелеу.

Жалпы моториканы дамыту оқушылардың бойындағы қабілетін айқындауға ашуға септігін тигізу. Сайыс өте қызықты өтті. Спорттық сайыстың жүргізушілері мектебіміздің Едш маманы Қасым Аслан мен 9«А» сынып оқушысы Сериков Арлан болды.



15қазан – 15қараша аралығында Ақтөбе қаласында «Talenttar Alemi» атты Халықаралық-шығармашылық көпжанрлы байқау-фестивалінде педагог психолог Туткушева Д.С.

- «Қолөнер» номинациясынан 1-орын
- «Көркемсөз» номинациясынан 2-орын иеленді



«ӨRLEU» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығының «Жасөспірімдерге білім, тәрбие берудегі педагогикалық кәсіби шеберлігі мен шығармашылығы үшін «Үздік ұстаз» Алғыс хатымен марапатталды.



21.12.2022ж аудандық мәдени-сауық үйінде «Мен жастарға сенемін» атты жыл бойына үздік атанған, әртүрлі сайыстардан жақсы нәтижелер көрсеткен ауданымыздағы мектептердің үздік оқушылары марапатталды. Мектебімізден барған оқушылардың барып-келуін педагогикалық психологиялық сүйемелдеу мамандары қамтамасыз етті. «Бочча» ойынының облыстық және республикалық турнирлерінің жеңімпаздары : Шапау Нұркен, Қаппарова Ақпейіл, Сағындық Мадина, Нұрбекқызы Жауқазын, Сериков Арлан.



28.12.2022ж мектептегі педагогикалық психологиялық сүйемелдеу мамандарының ұйымдастыруымен «Қош келдің, Жаңа жыл» атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік іс-шараны 9-«А» сынып оқушысы Сериков Арлан мен педагог психолог Туткушева Д.С. жүргізді.



Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін киіп, әр үйді аралап, сыйлықтар үлестірілді.



6-наурызда мектебімізде 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай Педагогикалық психологиялық сүйемелдеу мамандарының ұйымдастыруымен Ерекше білімге қажеттіліктері бар оқушылармен іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараны мектеп ұстаздары мен оқушылары және ата-аналар қызықтады. Әр сыныптың өнерпаз оқушылары өз өнерлерін көрсетті. Концерттің барысында ата-аналармен ойындар ойнатылды.




2023-2024 жылдық есеп

«С.Сейфуллин атындағы ЖББМ» 2023-2024 оқу жылдарында ерекше білім беруді қажет ететін 47 оқушы білім алуда. Оның ішінде жалпы сыныпта 27 оқушы, үйден оқытылатын – 20 оқушы. 2023-2024 оқу жылдарындағы «С. Сейфуллин атындағы ЖББМ» инклюзивті білім беру бойынша психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тобының атқарған жұмысының талдауы

https://drive.google.com/file/d/15cxtTkK17xluY6tYl5mFQKHtzoiz0WmP/view?usp=drive_link

21.09.2023 ж. Жезқазған қ. «Арман асулары» республикалық фестивалінің облыстық кезеңінде «Хореография», «Қолөнер» бағыттары бойынша Қали Рамина II орынмен, Нұрбекқызы Жауқазын I орынмен, Сағындық Мадина үздік өнер көрсеткені үшін диплом және алғыс хаттармен марапатталды.



20.11.2023 ж. психологиялық - педагогикалық консилиум өткізілді. Кеңестің шешімі бойынша 14 оқушы ПМПК – дан өтуге бағытталды.

24.11.2023ж. күні «С.Сейфуллин атындағы ЖББМ» мектебімізде Жезқазған қ. келген ПМПК –дан тізім бойынша 12 оқушы өткізілді, қорытындылары бойынша оқу бағдарламалары мен түзету сабақтарына сабақ кестесіне қойылды.

06.11.2023-20.11.2023 жж. аралығында Жезқазған қ. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығына мамандардың білімін арттыру курстарына психолог маманы Д.Туткушева, логопед мұғалім С. Мананбаева мен педагог ассистент Ж.Жакупова оқып, сертификат (80 сағат)алып келді.





06.12.2023 ж. «С.Сейфуллин атындағы ЖББМ» жоспарға сәйкес «Интеграциядан инклюзияға қарай мәдениетті қалыптастыру жолдары» тақырыбында аудандық семинар өткізілді.

Семинардың мақсаты:

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, оңалту, қоғамға бейімдеу және оқу процесінде өз қабілеттерін дамыту, жетістікке жету мүмкіндіктеріне жағдай жасау.

Семинарға аудандық білім бөлімі әдіскері және аудан мектептері бойынша 30-ға жуық мұғалімдер мен мектеп директорларының оқу ісі бойынша орынбасарлары қатысты.

Семинарды мектеп директоры Р.С. Рахимов сөз сөйлеп ашып берді.

«Шексіз тең мүмкіндіктер әлемі» тақырыбы бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.А. Ускембаева, Н.Ғ. Сәтекбаева, А.С. Қасым сөз сөйлеп, презентация жасап, тәжірибе жүзінде бейіндік үйірме «Бочча» ойынын таныстырып өтті.

«Ұсақ моториканы дамыту және сұлулық пен әсемдікке баули отырып, жетістікке жеткізу» тақырыбы бойынша психолог Д.С. Туткушева сөз сөйлеп, тәжірибелік тапсырмаларды қатысушыларға ұсынып, өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

«Интеграциядан инклюзияға қарай мәдениетті қалыптастыру жолдары» тақырыбын логопед - мұғалімі С. Мананбаева презентациямен ашты. Сонымен қатар «Ойын терапиясын» мектеп психологы А.Шакенов жүргізді.

Жоспарға сәйкес, семинар өз мәресіне жетті. Семинар аяқталғаннан кейін кофе - брейк пен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу орталығына экскурсия жасалды.



Сонымен қатар мектеп психологы Шакенов Айбол қатысушылармен қызықты тренинг ойындар жүргізіп, бір сергітіп алды. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, сипап сезу, сенсо - моторлық дамытуға арналған

түрлі тапсырмалар мен ойындар жүргізілді. Және де семинар тақырыбына сәйкес, топтық жұмыстар мен жеке практикалық тапсырмалар орындалды.



25.12.2023 - 28.12.2024ж. аралығында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар, әр қайсысы жалпы сыныптармен бірге жаңа жылға арналған мерекелік іс-шараға қатысып, жаттаған тақпақтарын айтып, қызықты ойындарға қатысып, би билеп, ән айтып, сыйлықтар алды.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға жаңа жылдық көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында, демеушілердің көмегімен 49 оқушыға жаңа жылдық сыйлықтар табысталды.

Ұлытау облысының білім басқармасының басшысынан «Арман асулары» республикалық фестивалінің облыстық кезеңінен I орын алғаны үшін «Жаңаарқа ауданының білім бөлімі» ММ «С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ оқушысы Нұрбекқызы Жауқазынға алғыс хат табысталды.



29.03.2024 күні «Жұлдызай - 2024» аудандық фестивалі өтті. «С.Сейфуллин атындағы ЖББМ» ерекше білім беруді қажет ететін келесі оқушылар қатысты:

I топ, 10-12 жас аралығы:

1. Нұрлан Әмірхан ән «Ұстаз ана» 4 сынып - жетекшісі Мукашева Г.Г.

2. Қаппарова Ақпейіл ән «Аяулы анашым» 5 сынып - жетекшісі Жакупова Ж:А.
3. Нұрбекқызы Жауқазын ән «Алғыс» 5 сынып - Туткушева Д.С.
4. Шапау Нұркен ән «песенка про крокодила Гену» 5 сынып – жетекшісі Жанатаева Ж.Е.
5. Ермекбай Фатима би «Қамажай» 5 сынып – Жақсылықова Т.
6. Серік Рамазан, Қаппаров Ақылбек, Боранбай Рамазан 4 сынып, Бекен Санжар 5 сынып би «Джентельмен» - жетекшісі Сәтекбаева Н.Ғ.

II топ, 13-16 жас аралығы:

1. Бекен Аружан би «Текемет», 7 сынып – жетекшісі Туткушева Д.С.
2. Қали Рамина би «Өзбек» биі, 8 сынып – жетекшісі Мананбаева С.
3. Жүмкен Арсен би «Батырлар», 10 сынып – жетекшісі Мукашева Г.Г.

«Жұлдызай-2024» фестивалінің нәтижесі бойынша әділқазылардың шешімімен оқушылар келесі орындарға ие болды:

хореография жанры бойынша:


Қали Рамина – бас жүлде (II топ арасында), Серік Рамазан, Қаппаров Ақылбек, Боранбай Рамазан 4 сынып, Бекен Санжар 5 сынып би «Джентельмен»- бас жүлде (I топ арасында), Бекен Аружан – 2 орын, Жүмкен Арсен – 2 орын

Ермекбай Фатима – 2 орын

Вокал жанры бойынша:

Нұрланұлы Әмірхан – бас жүлде, Нұрбекқызы Жауқазын – 2 орын, Шапау Нұркен - Қаппарова Ақпейіл-

Барлық оқушылар мақтау грамотасы мен бағалы сыйлықтармен марапатталды.



Ал облыстық турдан: Қали Рамина – «Өзбек» биімен 2 орын, Ермекбай Фатима – 2 орын, Нұрланұлы Әмірхан – 1 орынмен марапатталып, республикаға жолдама алды.

02.04.2024 күні - дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күніне орай, мектеп педагог - психологтары А.Шакенов пен Д. Туткушева 7-11 сынып оқушыларына ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қатысты кез келген кемсітушілікті жоққа шығаратын, барлық адамдарға бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз ету керектігін түсіндірді. Бірақ көп жағдайда қоршаған орта, қоғам баланың аутизм спектрінің бұзылғанын байқай бермейді, сол себепті түсіндірме жұмысы оқушыларға жүргізілді.



2024 жылдың 18 сәуір күні сағат 10.00 -де «С.Сейфуллин ЖББМ» жоспарға сәйкес «Бочча» параолимпиадалық бейіндік спорт түрінен аудандық турнир өтті. Турнирді мектеп директоры Р.С. Рахимов сөз сөйлеп ашып берді. Сонымен қатар аудандық білім бөлімінің әдіскері А.Қ. Оқасова, мектеп директорының орынбасары Ж.А. Ускембаева сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Аудандық турнирға келесі мектептер мен түзету мекемелерінің оқушылары қатысты:

1. «С.Сейфуллин атындағы ЖББМ»
2. «ППТК» КММ
3. «Б.Амалбеков атындағы» тірек мектебі
4. «Е.Шаханов атындағы» тірек мектебі
5. «А.Сейдімбек атындағы ЖББМ»
6. «Ынтымақ ЖББМ»
7. «Талдыбұлақ ЖББМ»

Бас төреші – Ж. Ж. Тоқтыбаев, төрешілер: А.С. Қасым, А.Рымқажина
«BC5» классификациясы, 13 жастан жоғары жас ерекшелігі, I топ бойынша:
Шырынбекова А.- I орын, Отыншы Әділхан -II орын, Рахат Жайсан -III орын алды.
«BC7» классификациясы, 13 жастан жоғары, I топ бойынша:
Беженарь Андрей – I орын, Мақсұт Мақсат -II орын, Нұржан Әлібек – III орын иеленді.
«BC7» классификациясы, 13 жастан жоғары, II топ бойынша:
Беженарь Владислав – I орын, Нұржан Ерасыл – II орын, Құрақбай Дарын – III орын.
«BC5» классификациясы, 6-9 жас ерекшелігі арасында, I топ бойынша:
Серік Ерқанат – I орын, Серік Рамазан -II орын, Нұрлан Аслан – III орын, Қуантай Даниял -III орын.
«BC7» классификациясы, 6-9 жас ерекшелігі арасында, I топ бойынша:
Өркен Асылым – I орын, Жұмабай Адина – II орын.
«BC7» классификациясы, 6-9 жас ерекшелігі арасында, II топ бойынша:
Жасұланұлы Мирас – I орын, Мәлс Жан – II орын, Қайыргелді Әбдіжаппар-III орын.
«BC7» классификациясы, 10-12 жас ерекшелігі арасында, I топ бойынша:
Амангелді Бакбергел – I орын, Шапау Нұркен – II орын, Түсіп Нұржан -III топ.

«BC7» классификациясы, 10-12 жас ерекшелігі арасында, II топ бойынша:

Қашпарова Ақпейіл – I орын, Сайлаубай Торғын – II орын, Ермекбай Фатима – III орын, Демесінова Көркем -III орын.

«BC7» классификациясы, 10-12 жас ерекшелігі арасында, II топ бойынша:

Садыханов Әбілмансұр – I орын, Бейсен Алижан – II орын, Нұрланұлы Әмірхан – III орын, Серік Ислам - III орын.


«BC7» классификациясы, 13 жастан жоғары, I топ бойынша:

Амандық Айару – I орын, Жұмкен Арсен -II орын, Сапарғали Ақтөре – III орын.

«BC5» классификациясы, 13 жастан жоғары, I топ бойынша:

Нұрбекқызы Ж. -I орынды иеленді.

Аудандық білім бөлімінің қолдауымен барлық орын алған оқушыларға бағалы сыйлықтар мен мадақтамалар табысталды. Сонымен қоса болашақта республикалық жарыстарға қатысып орын алуларына жігерлендіріп, сәттілік пен тілектерін білдірді.



2024 жылдың 25.04. күні жоспарға сәйкес, мектебімізде Жезқазған қ. келген ПМПК –дан тізім бойынша 13 оқушы өткізілді, қорытындылары бойынша оқу бағдарламалары мен түзету сабақтарына сабақ кестесіне қойылды. Сонымен қатар, 2 оқушы толық диагнозын анықтау үшін, Жезқазған қ. психиатрға жолдама алды, 1 оқушы жақсы динамиканы көрсетіп, ЕББҚБ тобынан шығарылды.

2023-2024 оқу жылында мектеп әкімшілігі мен кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен «Үздік кабинет» байқауына қатысып, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу орталығының кабинеті I орынды иеленді.



2024 жылдың 29.04. күні сағат 10.00 -де аудандық Мәдениет үйінде, балалар мен жасөспірімдер бөлімінің меңгерушісі А.Айтжанованың ұйымдастыруымен «Шебер қолдар» көрмесі өтті. Көрмеге ЕББҚ 20 оқушы қатысып, оқушыларға бағалы сыйлықтар мен мадақтама, жетекшілеріне алғыс хаттар табысталды. Сонымен қоса шағын концерт пен қызықты ойындар ойнатылды.



Республика көлемінде балалар шығармашылығын дамытуға арналған «Zeyindi_bala» балалар журналының ұйымдастыруымен қазақ халқы үш бәйтеректің бірі, ақын және қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіровтың «Ілияс оқулары» атты конкурсына мәнерлеп оқу немесе өлеңдеріне байланысты сурет салу байқауына оқушылар қатысып, 1 «б» сынып оқушысы Рамазан Айжұлдыз – I дәрежелі диплом, 2 «а» сынып оқушысы Әбдіғалым Алдан I дәрежелі дипломмен, даярлық сыныбының оқушысы Нұрлан Аслан бас жүлде алып дипломмен, жетекшісі Мананбаева С. -алғыс хатпен марапатталды.





2024 жылдың 23.05.-01.05. аралығында Астана қ., «Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру моделі» атты тренингқа қатысуға директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.А. Ускембаева, логопед мұғалімі С. Мананбаева кетті.

2024 жылдың 15.05. күні сағат 14.00 де мектебіміз бойынша «Бочча» бейіндік үйірмесіне қатысатын оқушылардың арасында «Саламатты болашақ» әлеуметтік жобасының аясында «Children Paralympic Games - 2024» инклюзивті спорт фестиваліне іріктеу жарысы өтті. Іріктеу нәтижелері бойынша келесі оқушылар Астана қ. жолдама алды:

1. Нұрбекқызы Жауқазын
2. Жүмкен Арсен
3. Серік Рамазан
4. Қаппарова Ақпейіл.



2024 жылдың 04.12. бастап, 2 штаттық педагог-асистенттерден бөлек, ПМПК қорытындысының ұсынысымен және қажеттілік туындауына байланысты 8 педагог - асистент қызметке алынды. Соңғы 6 ай ішінде атқарылған жұмыстары:

Дюсен Ахмад даярлық Б сыныбы- педагог -асистенті Г.Кульпейсова

Дюсен Ахмадпен 04.12.2023 жылдан бастап жұмыс жасай бастадым. Бастапқы уақытта – сабаққа деген ынтасы болмады, сабақта бір орында ұзақ отырғысы келмейтін, берілген тапсырманы орындамайтын, қолынан ұстап отырып әзер жазғызатынмын, партаның астына кіріп алып оқшауланып отыратын, әр нарсені тез қабылдап жылай беретін. Араласатын ортасымен, оқушылармен тіл табыса алмайтын, балалармен таласып, тез ренжитін, каламмен, қарындашпен жұмыс жасағысы келмейтін, сабақ барысында жүгіріп, тындамай отыратын. Әрдайым көңіл күйі болмайтын.

Уақыт өте келе, қазіргі таңда Дюсен Ахмад- өзіне жеке көңіл бөлудің арқасында, педагог ассистенттің көмегімен, бірге отырып біраз жұмыстар атқарылып, Ахмад жақсы нәтижелер көрсетті. Сабаққа деген ынтасы артты, сабақта тыныш отырып, берілген тапсырманы мұқият тыңдап, орындайды. Өзі әріптерді бастырып жазады, математика сабағында есеп шығаруды үйренді, басқа да сабақтарға белсене қатысатын болды, сурет салып, бояуды, жазуды үйренді. Айтқанды тыңдап, басқа балалармен, сыныптастарымен қарым- қатынасы жақсарды, бәрімен араласып тіл табысатын болды. Конструктор мен пазлдарды тез және дұрыс құрауды меңгеріп алды. Дидактикалық, ұсақ қол моторикасын дамытатын заттар жасап

үйренді, солармен бірге әртүрлі дәнді дақылдардан, ермек саздан қол өнерлер жасап, көрнекіліктерімен сайыстарға, байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Балада жан -жақты қабілет пайда бола бастады, ашылып, жақсы көңіл -күйде жүретін болды. Ойын арқылы оқытудың арқасында Сенсорлық дамуы, логикалық ойлауы жақсарып, балада ынта- жігер, алға деген ұмтылыс пайда болды.

Мектеп алды даярлық «А» тобының оқушысы Игенов Ахмадқа желтоқсан айының бастап педагог-асистенті болып – Л.Бозова тағайындалды. Игенов Ахмадқа құжаттамаларын рәсімдеп, сабақ кестесі құрылып, бақылау күнделігі жүргізілді.

Менің міндетім оқу процесінде өз бетімен қатыса алмайтын, мінез-құлық, эмоционалды және коммуникативті ерекшелігі бар оқушыға көмек беру. Ахмад бала жеке сүйемелдеуді қажет етеді. Сабақта өзін-өзі ұстау ережесін сақтай алмайды. Партада отыра алмайды, бір орнына отыра алмайды, сыныпта жүре береді. Мінез-құлық және эмоционалдық бұзылыстары бала сөйлей алмайды. Дауысын шығарып айғайлап отырады, балалардың назарын өзіне аударады.

Педого-ассистент ретінде балаға мектеп жағдайына бейімделуіне және сабақта да, мектеп ережелерін, талаптарын сақтауға үйрету. Ахмад бала сыныпта отыруды үйренді, асханада өз орнын таба біледі, тамағын ішеді, көңіл-күйі құбылмалы.

Ата-анасымен тығыз байланыста болдым, сабақтан себепсіз қалдырмайды. Ахмадпен сынып жетекшісімен бірлесіп біраз жұмыстар жүргіздік.

Ермекбай Фатима 01.09.2023 жылдан бастап, педагог-асистенті -Т.Жақсылықова жұмыс жасады. Бастапқы кезде сабаққа деген ынтасы төмен болды. Мені жатырқады. Мені қасына отырғызбай, біраз қарсыласып жүрді. Сыныптастарымен мүлдем сөйлеспейтін. Сұрақ қойғанда жауап бермейтін. Сабақта отырғысы келмейтін, сұранып шығып кете беретін. Тез шаршап қалады, тез ашуланады. Маған неге менің қасымнан қалмайсыз деп айтатын.

Уақыт өте келе, Фатима маған үйренді. Орыс тілі сабағына қызығушылығы өте жақсы. Басқа пәндерді менің көмегім арқылы тапсырмаларды орындап, мұғалімді тыңдайды. Сурет салғанды жақсы көреді. Ағылшын тілінен тапсырмалар бергенде орындады. Сыныптастарымен бір партада отыратын болды. Сыныптас қыздарымен сөйлесетін болды. Мұғалім сұрақ қойғанда жауап береді. Биге қызығушылығы бар. Аудандық «Жұлдызай» фестивальне қатысып ІІ орын алып, облысқа жолдама алды. Облыстық кезеңнен де ІІ орын алды.

Қазтай Әли даярлық А сыныбы педагог -ассистенті Жанатаева Ж. Қазтай Әли 6 ай бұрын – сабаққа деген ынтасы болмады, ұзақ уақыт бойы маған үйренісе алмады. Сабаққа келгенде жатырқап үйге қайтқысы келетін. Бой бермей ашуланатын. Мені көргенде ызаланып, меннен қашатын. Мүлдем сөйлемейтін. Уақыт өте келе, қазіргі таңда Қазтай Әли - өзіне жеке көңіл бөлудің арқасында, педагог ассистенттің көмегімен, бірге отырып біраз жұмыстар атқарылды. Сабаққа келгенде жақсы көңіл күймен келетін болды. Маған да үйренді. Сабақта сурет салып көп бояйды. Айтқанды тыңдайды. Тақтаға сандарды бормен жазады. Кейбір сөздерді анық айтатын болды. Кәзіргі таңда менің сөздеріме мән беріп менімен сабақта жақсы отырады.

Қорытынды:

Инклюзивті білім беру саласында кездесетін оң нәтижелер мен қиыншылықтар:

Оң нәтижелер:

- ЕББҚ оқушылар жалпы білім беретін мектепте тең құқылы білім алуда;
- Білім беру бағдарламасының ЕББҚ оқушының мүмкіндіктері мен қабілетін ескере отырып икемді болуы;
- ЕББҚ оқушылардың мектеп өміріне белсене қатысып, басқа оқушылармен қарым-қатынас құрып әлеуметтенуі;
- ЕББҚ оқушылардың қоғамға араласуына септігін тигізу, түрлі аудандық, облыстық, республикалық байқауларға қатысуын қамтамасыз ету;
- ЕББҚ оқушыларға қажеттілігіне қарай педагог-ассистенттің берілуі;
- Инклюзивті білім берудегі ерекше оқушыларға «Самұрық қазына» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен Республикалық «Тең мүмкіндіктер әлемі» жобасы бойынша «Бочча» үйірмесінің ұйымдастырылуы.

Қиыншылықтар мен кедергілер:

- Кабинеттердің тапшылығы (әр маманға жеке кабинеттің жоқ болуы)
- Кабинеттердің арнайы құрал-жабдықтар мен тақталармен жабдықталмауы;
- Арнайы оқулықтардың жетіспеушілігі;

Ұсыныстар:

- Әр маманға жабдықталған жеке кабинеттер мен орталық салудың сметасы жасалып ұсынылған;
- Бочча үйірмесіне арнайы жабдықталған спорт залы қажет;
- Түзету сабақтарына қажетті көрнекіліктер мен санитариялық талапқа сай тазалық құралдары берілсе;
- Оқу құралдары мен дамытушы ойыншықтар мен әдістемелер мен әдістемелік құралдар керек;
- Сенсорлық кабинет керек;
- Арнайы демалыс бөлмесі қажет;
- Монтессори кабинеті қажет;

«С.Сейфуллин атындағы ЖББМ»КММ

2021-2022 оқу жылына арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске

асырудың

ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 16 қыркүйек №472 бұйрығының 1-қосымшасымен

бекітілген)

2021-2022 оқу жылының жоспары

[https://drive.google.com/file/d/10jY2asNGbSFyHKh3AjU1e6GU70jWAmB3/view?usp=drive link](https://drive.google.com/file/d/10jY2asNGbSFyHKh3AjU1e6GU70jWAmB3/view?usp=drive_link)

ТҮСІНІК ХАТ

«С.Сейфуллин атындағы ЖББМ» КММ 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып құрылды.

Тәрбие жұмысы 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
7. Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Тәрбие жұмысының жоспары Тәрбие тұжырымдамасының 8 (сегіз) бағытын «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының жеті құндылығымен ұштастыра отырып жүзеге асырылады.

7 басты құндылығымыз:

1. Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы.
2. Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.
3. Зайырлы қоғам және жоғары руханият.
4. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.
5. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.
6. Тарихтың, мәдениетпен тілдің ортақтығы.
7. Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді

шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы

Сонымен қатар 2021-2022 оқу жылының жоспарын жасау барысында 2021-2022 оқу жылына арналған «Әдістемелік нұсқау хатында» көрсетілген атаулы даталарды, ұсынылған жобаларды басшылыққа алып, еріктілер тобының жұмысын және туған өлкенің қасиетті жерлеріне саяхаттар енгізіліп, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен әзірленген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негізінде жасалды.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар. 2021-2022 оқу жылында «Мектептің өзін-өзі басқаруы», «Әкелер», «Аналар» қауымдастығы құрылып, «Қоғамға қызмет ету», «Оқуға құштар мектеп»,

«Құқықтық сана – қауымға пана», «Дебат» қозғалысы жобалары жұмыс жоспарына енгізілді.

Негізгі басым бағыттарға қоса оқушы өмірінің қауіпсіздігі, балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу, балалар мен жасөспірімдер бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру, кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу, оқушылардың өзін-өзі басқару органы мен жұмысын ұйымдастыру, оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру, тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмыс, тәрбие жұмысын бақылау, тәрбие жұмысы жүйесінің мониторингілеу жұмыстары жоспарланды. Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта жүзеге асады.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балалардың және білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өз-өздерін танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.

Тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

1. 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілген бағыттар бойынша жұмыстарды, «Мәңгілік ел» құндылықтарымен ұштастыра отырып жұмыстану;
2. Волонтерлік топтар құрып, жұмысын жандандыру;
3. «Әкелер», «Аналар» қауымдастығы жұмыстарын дамыту. Адамгершілік түсінік арқылы қоғамдық мораль және мінез-құлық нормаларын меңгерту;
4. Мектептегі қоғамдық негіздерді үйірме жұмыстарын дамыта отырып, оқушыларға әртүрлі көркемөнер әрекеттері түрімен тікелей таныстыру арқылы ондағы қажеттілікті қалыптастыру. Баланың таным қызығушылығын дамыту, бір жағдайда, ол оқыту процесіне

жұмыс істесе, екінші жағдайда, балаға тәрбиелік ықпалын күшейту;

5. Құқық қорғау органдарымен, аудан аурухана қызметкерлерімен, СӨС насихаттау басқармасының қызметкерлерімен, ТЖ мекемелерімен және мемлекеттік емес мекемелермен байланыс орната отырып, денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, жан-жақты дамыған тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етету;

I.Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы:

Оқу жылы	Сынып комплектісі	зерттеуші	сарапшы	модератор	санатсыз
2021-2022	20	2	4	9	5

Секциялық жұмыс жоспары.

https://drive.google.com/file/d/1MIL9Gmp0M3zMo6UbEPHRH9DajMV7oJRj/view?usp=drive_link

Дене шынықтыру пәнінен 6 мұғалім сабақ береді. Сарапшылар - 2, модератор – 2, санатсыздар – 2.

Баскетбол, волейбол, футбол, шахмат, шашки, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика, асық секциялары бойынша жұмыс жүргізілді. Оған 223 оқушы қатысты.

Жыл	Атауы	Мұғалімнің аты-жөні	Орын
2021-2022	«Кіші футболдан 2005-2007 ж.т жасөспірімдер арасында өткізілген аудандық турнир»	Тоқтыбаев Ж.С. Қасым А.С. Қаракесеков Н.Е. Рымқажина А.Б.	II орын
	«Кіші футболдан мұғалімдер арасында өткізілген аудандық жарыс»	Тоқтыбаев Ж.С. Қасым А.С. Қаракесеков Н.Е. Рымқажина А.Б.	III орын

1. Патриотизм және Азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: әртүрлі салаларында белсенді көрініс арқылы азаматтық сана- сезімді тәрбиелеу; балалар бастамаларына қолдау көрсету арқылы көшбасшылықты қолдау; азаматтық белсенділікті және кіші Отан тағдыры үшін жауапты сезімді күшейту. Білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және

сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу бағыты бойынша 1 қыркүйек - Білім күніне арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» атты білім сабақтары, Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында тәрбиелік шаралар, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған тәрбиесағаттары, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты іс – шаралар жоспары жасақталып, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жыл толуына «Менің Отаным - Қазақстан», «Ата Заң Аясында» және адалдық сағаттары сынып сағаттары өткізілді.

Іс-шара атауы	Орында лу уақыты	Жауапты	Ақпарат
Әр дүйсенбіде сабақты Гимнмен бастауды дәстүрге айналдыру. «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» » тақырыбында 1-қыркүйек Білім күніне арналған іс шара өткізу.	Әр дүйсенбі 01.09.2021	ДТІЖО	Білім күні салтанатына, білім сағатына 1-11 сынып оқушылары, мектеп ұстаздары қатысты. Әр дүйсенбіде барлық сыныпта сабақ Гимнмен басталып отырды.
Құқық бұзушылықты алдын-алу кеңесінің отырысы	10.09.2021	ДТІЖО психолог	Құқық бұзушылықтың алдыналу бойынша мектепшілік, аудандық ІІБ бірлескен жоспар бекітілді.
«Мәңгілік Ел» идеясы және азаматтық пен патриотизм 9 сынып. \ашық тәрбие сағаты\	20.09.2021	ДТІЖО Сынып жетекші Исина Ө	9 сынып оқушыларымен «Мәңгілік Ел» идеясы және азаматтық пен патриотизм жайлы ашық сабақ өткізілді.
«Жас Ұлан және Жас Қыран» ұйымына оқушыларды қабылдау. Ұлан басын сайлау	25.09.2021	«Өзін-өзі» басқару ұйымы Мектеп тәлімгері	Мектеп тәлімгері «Жас Ұлан және Жас Қыран» ұйымына оқушылар қабылдады және Ұлан басна оқушына сайлау іс-шарасын өткізді.

Ата-аналар қоғамдастығымен өз-ара байланыс жасау: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың міндеті» : жиналыс өткізу, әңгімелесу	28.09.2021	ДТІЖО Психолог Әлеуметтік педагог	Мектептің барлық сыныбының ата-аналарымен әңгімелесу форматында жиналыс өтті және жиналыс барысында мектеп психологы ата-аналар арасында тренинг өткізді.
Конституция – негізгі заң (баяндама, презентация)	11.09.2021	ДТІЖО Тарих пәнінің мұғалімі Алиакпарова А.А	Мектебіміздің тарих пәнінің мұғалімі Алиакпарова А. 9-11 сыныптар арасында аталған тақырыпта тәрбие сағатын өткізді
«Дебат қозғалысы».Дебаттар «Қазақстандық патриотизм – бұл...»/жеке жоспар /	14.09.2021	ДТІЖО Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Дебат жетекшісі Сарина Л.К	Мектебіміздің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Дебат жетекшісі Сарина Л.К дебат клубына оқушылар қабылдап, жұмыс жоспарын құрды.
а)2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен сынып жетекшілерді таныстыру, ә).Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері б). Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері Заңының орындалуы және қолдануы в) Жылдық тәрбие жұмысының жоспарын қарап бекіту. Ағымдағы мәселелер(сынып жетекшілер отырысы)	8.09.2021 ж.	ДТІЖО	Сынып жетекшілер отырысы өткізілді. Жиналысқа барлық сынып жетекші қатысты. Аталған тақырыптар бойынша түсіндеме жұмыстары жүргізіліп, жылдық жоспар құрылды.
«Мәңгілік Ел – бұл Тарих, Мәдениет пен Тіл бірлігі, Азаматтық» Дөңгелек үстел 9-11 –сынып оқушыларымен ұйымдастыру.	22.10.2021	ДІЖО, Тарих пәні мұғалімдері	Тарих пәні мұғалімдері 9-11 сынып оқушыларымен жоспар бойынша бекітілген тақырыпта

			дөңгелек үстел ұйымдастырды
«Туған жерге тағзым!» Сурет көрмесі 5-9-сынып оқушыларымен ұйымдастыру	15.10.2021- 17.10.2021	Пед.ұйымдастырушы. Көркем еңбек пәні мұғалімдері	5-9 оқушыларының арасында еңбек пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен сурет көрмесі ұйымдастырылды
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспарын түзу.«31 жыл: Бір Ел. Бір Тағдыр» патриоттық акциясын өткізу - «Менің Қазақстаным» - «Мәңгілік Елдің мызғымас жеті негізі» - «Біз – Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» - «Қазақстанның даму кезеңдері» - «ҚР-ның әлемдік экономикалық дамудағы орны» - «ҚР рәміздері» «Қазақстанның мәңгілік жері – ұлы Дала Елі »	4-29.10.2021	ДІЖО, тәлімгер, сынып жетекшілер	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспары құрылды
«Арыңды жасыннан сақта» Баяндама 7-11 сыныптар	23.10.2021	«Өзін-өзі басқару»ұйымы 5-10 сыныптар	7-11 сыныптарда аталған тақырыпта баяндама оқылып тәрбиелік сағат өтті
«Заңгер», «Құқық бұзушылықтың алдын алу», «Өз құқығыңды білесің бе?», «Заңды біл де құрметте..» т.б тақырыптарда қабырға газеттерін шығарып отыру Сынып сағаттарын өткізу	23.10.2021	«Өзін-өзі басқару»ұйымы 5-10 сыныптар	Өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары аталған тақырыптарда жоспар бойынша қабырға газеттерін шығарылып сынып сағаттары өтті
«Туған жер» арқылы білім алушылардың қазақстандық патриотизмін қалыптастыру. Өлкетану мұғалімдері оқушылармен танымдық сабақ өткізу.	28.10.2021	5-11 сынып Тарих пәнінің мұғалімдері	Аталған тақырыпта тарих пәнінің мұғалімдері танымдық сабақтар өткізді
«Елімнің тұңғышы» ашық тәрбие сағаттарын өткізу	30.10.2021	сынып жетекшілер	Барлық сыныпта тәрбие сағаттары өтті

<p>20 қараша – Балалар құқығы туралы Конвенция күніне орай «Әр баланың құқығы бар» тәрбие сағаттар өткізу</p> <p>«Сенің құқығын-твой права» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізу.7-8 сынып</p> <p>«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында әңгіме.</p> <p>6-11сыныптар</p> <p>Күзгі демалыс кезінде кешкі және түңгі уақытта оқушылардың күн тәртібін орындау туралы рейд</p>		<p>Пед.ұйымдастырушы, сынып жетекшілер. Психолог</p> <p>19.11.2021 23.11.2021 20.11.2021</p> <p>1-7.11.2021</p>	<p>Жоспарда көрсетілген барлық тақырыптар бойынша тиісті сабақтар өткізіліп отырды</p>
<p>а)ҚР Тәуелсіздігіне 31 жыл. «Желтоқсанның ызғары – тәуелсіздіктің алауы» мерекелік әдеби-музыкалық кеш.</p>	<p>15.12.2021</p>	<p>ТІЖО, пед.ұйымдастырушы, тіл мамандары, тарих пәні, музыка пәні мұғалімдері.</p>	<p>Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік кеш өтті.</p>
<p>б)«ҚР Тәуелсіздігіне 31 жыл»</p> <p>«Біз – Үлкен Ел – Үлкен Отбасы»</p> <p>Тәрбие сағаттары</p>	<p>16-10.12.2021</p>	<p>ТІЖО, сынып жетекшілер.</p>	<p>Аталған тақырыпта барлық сыныпта тәрбие сағаты өткізілді</p>
<p>«Менің Отаным, менің Елбасым» (кітаптар көрмесі)</p>	<p>13.12.2021</p>	<p>Кітапханашы</p>	<p>Мектеп кітапханашысы жоспарда аталған тақырыпта 1-5 сынып оқушыларының арасында кітаптар көрмесін ұйымдастырды</p>
<p>«Тәуелсіздік рәміздері» деректі фильмдер топтамасын көрсету</p>	<p>14.12.2021</p>	<p>ТІЖО, информатик мұғалімдері, IT мамандары.</p>	<p>5-11 сынып оқушыларына ҚР рәміздері туралы деректі фильмдер көрсетілді</p>
<p>«SMART -SARBAZ» әскери патриоттық ұйымының жиынын өткізу</p>	<p>10.12.2021</p>	<p>Пед.ұйымдастырушы, АӘДТ пәні мұғалімі</p>	<p>8-11 сынып арасында АӘДТ пәні мұғалімі</p>
<p>«Мен Тәуелсіз Қазақстанды бейнелеймін» жас суретшілердің сайысын өткізу</p>	<p>09.12.2021</p>	<p>ТІЖО, көркем еңбек пәні мұғалімдері.</p>	<p>Аталған тақырыпта мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімі суреттер сайысын өткізді</p>

«Біз – Тәуелсіз Қазақстанның келешегіміз!» флэшмоб ұйымдастыру «Баланың бас ұстазы ата – ана» дөңгелек үстел. Ата – аналар жиналысы	15.12.2021 11.12.2021	Кәмелетті жасқа толмағандардың арасында құқық бұзушылықты алдын алу кеңесінің мүшелері педагог-психологтар, ЮПТ ЖПҚБ-ның инспекторлары	Аталған тақырыпта жоғарғы сынып оқушыларымен флэшмоб өтті
Оқушылардың құқықтық сауаттылығын анықтау. (жасырын сауалнамалар алу) 1-11 сыныптар	13.01.2022	ДТЖО Сынып жетекшілер психолог	Барлық сыныпта құқықтық сауаттылығын анықтау мақсатында сауалнама алынды
«Жас өспірімдер арасындағы бопсалаушылық. Құқық бұзушылық. Әкімшілік және қылмыс кодекстері» тақырыбында әңгімелесу	22.01.2022	Педагог ұйымдастырушы	8-10 сыныптар арасында «Қазақстанның табиғаты» үздік фото сайысы өтіп жеңімпаз оқушылар анықталып сыйлықтар берілді
«Менің Отаным – менің бақытым», «Мой край Родной – частица большой...» тақырыбына дөңгелек үстел» өткізу. 5-6 сыныптар	08.02.2022	ТІЖО педагог-ұйымдастырушы, сынып жетекшілері	8-11 сынып жетекшілерімен және қазақ тілі пәнінің мұғалімі мен орыс тілі пәні мұғалімдері бірлесіп аталған тақырыпта оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырды.
Ерекше білім беруге қажеттілігі бар табысты адамдар (Серік Есмаев, Шахан Жолдасбаев, Зульфия Раухатовна – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының кейіпкерлері, Пабло Пинед, Ника Вуйчиче, Стивен Хокинг және т .б.) туралы презентациялар көрсету	03.02.2022	ТІЖО педагог-ұйымдастырушы, сынып жетекшілері	Аталған тақырыпта «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының кейіпкерлері туралы презентация көрсетілді
Қазақстан Республикасы азаматтарына патриоттық тәрбие беруді іске асыру аясында Қазақстанның мемлекеттік нышандарын насихаттау жөнінде тест жұмыстарын жүргізу. 5-11 сыныптар	05.03.2022	Сынып жетекшілері Кәмелетті жасқа толмағандардың арасында құқық бұзушылықты алдын алу кеңесінің мүшелері педагог-психологтар, ЮПТ ЖПҚБ-ның инспекторлары сынып жетекшілер	5-11 сыныптар арасында аталған тақырыпта тест ұйымдастырылды
«Біз өз әрекеттерімізге жауаптымыз!» тақырыбында 5-7 сынып оқушыларына	09.03.2022	Сынып жетекшілері Кәмелетті жасқа толмағандардың арасында құқық	5-7 сынып оқушылармен аталған тақырыпта әңгімелесу

арналған әңгімелесу.		бұзушылықты алдын алу кеңесінің мүшелері педагог-психологтар, ЮПТ ЖПҚБ-ның инспекторлары сынып жетекшілер	сабағы өтті
2021-2022 оқу жылында тақырыптық сынып сағаттарын өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулардың орындалуы(сынып жетекші отырысы)	13.03.2022	Сынып жетекшілері Кәмелетті жасқа толмағандардың арасында құқық бұзушылықты алдын алу кеңесінің мүшелері педагог-психологтар, ЮПТ ЖПҚБ-ның инспекторлары сынып жетекшілер	Сынып жетекшілер отырысы өтті
Отаным – кең далам, орманды (5-11 сынып оқушылары арасында)Патриоттық әндер байқауы	01.04.2022	Муз пәні мұғалімі, сынып жетекшілер, АӘДПМ	5-11 сынып оқушыларымен Патриоттық әндер сайысы өтті
«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Елімнің көрікті жерлері» тақырыбына қабырға газеті байқауы.	05.04.2022	Сынып жетекшілері	5-11 сыныптар арасында қабырға газеттері жасалып дәлізге ілінді
«Мен өз елімнің қорғаушысымын» - 7 мамыр Ұландар күніне арналған көрме.5-7 сыныптар	03.05.2022	ТІЖО педагог-ұйымдастырушы АӘДПМ	7 мамыр Ұландар күніне орай концерттік бағдарлама мен қолөнер көрмесі өтті
«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды» ҰОС 78 жылдығына орай тәрбие сағаты және іс-шара	06.05.2022	сынып жетекшілері ТІЖО	Барлық сыныпта тәрбие сағаты өтті
31 маусым - Саяси құғын-сүргін және ашаршылықты еске алу күні.ашық сынып сағаты .9 сыныптар	13.05.2022	педагог-ұйымдастырушы сынып жетекшілер	9 сыныптың сынып жетекшісімен оқушылары аталған тақырыпта ашық сынып сағатын өткізді
«Жас ұлан» әскери-патриоттық жиын өткізу	14.05.2022	Алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Пед ұйдастырушы сынып жетекшілер	Мектеп АӘД мұғалімімен тәлімгердің ұйымдастыруымен саптық жиын өтті

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық ұндылықтарымен, нормалары мен және дәстүрлері мен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Міндеттері: «Рухани-адамгершілік тәрбиені» жүзеге асырудың негізгі механизмі ретінде арнамыс пен мінсіз қызмет көрсету туралы бірыңғай сабақ жүргізуді қарастырады. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы шеңберінде Отан мен ерлік; әлеуметтік, қайырымдылық жобаларын ұйымдастыру, «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамдарға қуаныш сыйла» акциялары өткізілді.

Іс-шара атауы	Орын далу уақыты	Жауапты	Ақпарат
1.«Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру. ЖББ қорынан атаулы әлеуметтік көмек алатын ата-аналарға бөлінген көмекті үлестіру. Кәсіпкерлерге хат жолдап, демеушілер тарапынан көмек ұйымдастыру. Ұйымдастырылған көмекті жариялау.	01.08.-30.09	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	Мектеп тізіміндегі әлеуметтік осал отбасылардың балаларына көмек үлестірілді
2. Мектептегі жетім, жартылай жетім, әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен тексеру және оқушыларға көмек көрсету	15.08.- 15.09.2021	ТІЖО, Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	Мектеп оқушыларының арасында әлеуметтік осал топтағы оқушылардың тізімі жасалып, тізімдегі оқушыларға демеушілердің көмегімен оқу құрал жабдықтарымен киімдер берілді.
Ақселеу Сланұлы Сейдімбекке арналған 10 күндік өткізу. Танымдық экскурсия «Ақселеу биігі» Музейге саяхат Тәрбие сағаттар	14-24. 09.2021	ТІЖО Сынып жетекшілер Қазақ тілі пәнінің мұғалімі	Ақселеу Сланұлы Сейдімбекке арналған 10 күндік өтті. «қселеу биігіне танымдық экскурсия жасалды Музейге саяхатқа барып тәрбие сағаттары өтті
«Қарттарым, асыл қазынам!?» Әңгіме – сұхбат, акция ұйымдастыру. «Қарттарым асыл қазынам» қарттарға көмек көрсету	01.10.2021	ТІЖО ӘП, сынып жетекшілері, психолог, ПҰ	Қарттар күніне мекрежелік кеш өтті
1.10 қараша-«Дүниежүзілік жастар күні: Жастық шақта не істеуге болады?» 9-11-сынып	10.11.2021	ТІЖО ӘП, сынып жетекшілері, психолог,	9-11 сынып арасында дөңгелек үстел ұйымдастырып, оқушылар бір-бірімен жастық шақты

оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастыру.			қызықты етіп өткізудің жолдарымен бөлісті Және «Ел ертеңі-жастар» тақырыбында 10-11 сыныптар арасында дебат өтті
«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын арттыруға және құқықтық мәдениет дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәрбие сағаты	11.11.2021	Сынып жетекші	7-11 сыныптар арасында «Құқығым бар» тақырыбында эссе байқауы өтті
2. Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Қазақ халқының рухани құндылықтары туралы не білеміз?» оқырмандар конференциясын ұйымдастыру.	08.11.2021	сынып жетекшілері, кітапханашы	5-11 сынып оқушыларымен аталған тақырыпта оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқырмандар конференциясын ұйымдастырылды
Қазақтың педагог-ағартушысы, фольклершы, қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Ұбырай Алтынсаринның туғанына 180 жыл толуына байланысты сынып сағаттарын өткізу	08-30.11.2022	ТІЖО , сынып жетекшілер	1-11 чыныптарда Ұбырай Алтынсаринның туғанына 180 жыл толуына байланысты сынып сағаттарын өткізілді
«Адамға қуаныш сыйла» акциясын ұйымдастыру	1-25.12.2022	ТІЖО, әлеуметтік педагог, тәлімгер	Акция бойынша әр сынып бойынша «Жасырын дос» ойыны ойнатылды және аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсетілді
1.Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру. Патранат отбасында тәрбиеленіп жатқан ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға көмек көрсету	10.02.2022	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	Патранат отбасында тәрбиеленіп жатқан ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға ауданымыздың ЖК иегерлерімен дүкендердің қатысуымен көмек көрсетілді
2.«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Туған жерге тағзым» жобасын жүзеге асыру . «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» ашық тәрбие сағаты	02.02.2022	сынып жетекшілері Пән мұғалімдері,	Мектебіміздің география пәнінің мұғалімі 8 сынып оқушыларымен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді

3. Қыз -өмірдің қызғалдағы» 8-11 сыныптар (қыздар арасында дөңгелек үстел)	12.02.2022	сынып жетекшілері,ҚҰ, Медбике	https://www.instagram.com/reel/CosEwBvrQfi/?igsh=MWN4aDMxNjU1ZXRYag==
Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 Лирикалық кеші	09.02.2022	ТІЖО педагог-ұйымдастырушы	ТІЖО және тәлімгердің ұйымдастыруымен Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына арналған лирикалық кеш өтті.Кеште оқушыларын көркем оқумен әннен өз өнерлерін ортаға салды
1.Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған ,жетім оқушыларға көмек көрсету	10.03.2022	Әлеуметтік педагог	Мектепке жол қайырымдылық акцияс бойынша атаулы әлеуметтік топтарға көмек көрсетілді
2.1 наурыз алғыс айту күніне арналған іс-шара«Тарихтан тағылым өткенге тағзым»	01.03.2022	сынып жетекшілері	https://www.instagram.com/reel/CpM1mwipd20/?igsh=M3FwbG8zb2Y1cHhv https://www.instagram.com/reel/CpCK1NYspfi/?igsh=MWszbDloeDZxb21wMA= https://www.instagram.com/reel/CpQBgTnvr9K/?igsh=Zm8wMHltczF2OXAz
3. 8 наурыз - Аналар күні. "Сыйынар ем Ана деген тәңірге" мерекелік концерттік бағдарлама.	05.03.2022	Сынып жетекшілері,	https://www.instagram.com/reel/CpcXUHbP7Ym/?igsh=MWNrZTJmMWt2aDg0eA== https://www.instagram.com/reel/Cphrvs9OR4T/?igsh=MXBqMGtzdWQ2ZHgwYw==
Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына арналған дөңгелек үстел	04.03. 2022	ТІЖО, Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері	9-11 сыныптар арасында Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығына арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылды
4.«Наурыз – жыл басы, өмір бастауы» мектепшілік мерекелік әдеби –сазды кеш.	19.03.2022	ТІЖО, ПҰ, сынып жетекшілер	Ұлттық мерекеміз Наурыз мерекесіне орай концерттік бағдарлама ұйымдастырылды
1.Мектепке жол» қайырымдылық акциясын	12.04.2022	Әлеуметтік педагог,сынып	Аз қамтылған отбасында тәрбиеленіп

ұйымдастыру.Аз қамтылған отбасында тәрбиеленіп жатқан оқушыларға көмек көрсету		жетекшілер.	жатқан оқушыларға көмек көрсетілді
2.23 сәуір - дүниежүзілік кітаптар күні. «Қазақ тіліндегі 100 жаңа кітап» тақырыбында дөңгелек үстел	23.04.2022	сынып жетекшілері	Сынып жетекшілермен мектеп кітапханашысы дүниежүзілік кітаптар күніне орай аталған тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырды
3. Дүниежүзілік авиация және космонавтика күні	12.04.2022	кітапханашы ДТІЖО	Мектеп кітапханашысының және көркем еңбек пәнінің ұйымдастыруымен аталған тақырыпта мектеп библиотекасында сурет байқауы мен кітаптар көрмесі өтті
4.Мамандық таңдауға әңгіме-сұхбат.. Кәсіби бағдар беру.	27.04.2022	Кәсіптік бағдар педогогі	Мектептің кәсіптік бағдар педагогы 9 және 11 сынып оқушыларына «Менің болашақ мамандығым» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды
5.«Ұлттық өнер - тәрбие негізі» (Ұлттық нақышта көрме ұйымдастыру)	18.04.2022	Педагог ұйымдастырушы	«Ұлттық өнер - тәрбие негізі» тақырыбында ұлттық нақышта көрме ұйымдастырылды
1.Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру Бір ана, бір әке тәрбиесіндегі оқушыларға көмек көрсету.	12.05.2022	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	Бір ана, бір әке тәрбиесіндегі оқушыларға көмек көрсетілді
2. «Азамат боп мен ертең, Отанға қызмет етемін» дөңгелек үстел.10-11 сыныптар	17.05.2022	ТІЖО педагог-ұйымдастырушы сынып жетекшілері	10-11 сыныптарда аталған тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырылды
Ыбырай Алтынсаринның туғанына 180 жыл тәрбие сағаты	18.05.2023	ТІЖО сынып жетекшілері	Роза Бағланованың 100 жылдығына арналған сынып сағаттары өтті

3. Ұлттық тәрбие

